

рамдағы сөздер қазақ, қырғыз тілдеріне **ойсыл** қалпында жеткен [6, 129]. Ә.Нұрмағамбетұлының да пікірі осыған келіп саяды.

М.Кәмелханұлы «Түлік атаулары тарихтың айғақтары» мақаласында былай дейді: «Формалық тұлғалануы жағынан **ойсылқара** атауы **ой+сыл+қара** деген толық мағыналы үш сөздің кірігуінен жасалған. «Түркі тілі сөздігінде»: **Ой – ой ат (oyat)** – қара торы ат (МҚ). Осындағы **ой** деген түркі тілінің «қара» деген мағынаны білдіретіндігін аңғаруға болады. **Сыл (sil)** – зіл, сүлей; **сыл кіші (sil kixi)** – сүлей адам, зіл тамақ адам, тамақты аз жейтін адам (МҚ). **Қара** сөзін Ш.Уәлиханов зерттей келіп, **қара** сөзі ертеде «қасиетті» деген мағынаны беретін еді дейді. Сонда **ой+сыл+қара (ойсылқара)** деген түркі тілін (немесе қазақ ұлтының байырғы тілін) қазіргі қазақ тіліне сөзбе-сөз аударатын болсақ, «тамақты аз жейтін қасиетті (хайуан)» деген мағынаны білдіреді.

Ә.Диваевтың мәлімдеуінше: «**Ойсылқара** – Уваис иль-Карани Арабиядағы Йемен өлкесіндегі Каран атты елді мекеннің тұрғыны Мұхамед пайғамбардың замандасы, өте діндар кедей адам болған, керуендерге қосылып түйелерді жетектеп кәсіп еткен. Біздің ойымызша, **Ойсылқара** атауы ұғымдық жақтан «түйе» деген мағынаны білдіреді. Яғни парсының «көлік» мағыналы **оусаэл** сөзінің дыбыстық өзгеріске ұшырауынан тілімізде көшуге қажетті түйе малының пірін атайтын сөз пайда болған. Ал **қара** «қасиетті» деген ұғымды білдіреді.

Сонымен, мал шаруашылығына қатысты лексика халықтың өмір тәжірибесінде өзекті орны бар ежелгі кәсібі мен еңбегі, киімі мен тағамы, ер-тұрманы, әртүрлі әдет-ғұрып пен мифтік наным-сенімге байланысты этномәдени сипаттағы тілдік деректерді қамтиды.

#### Әдебиеттер:

1. Кайдаров А. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1986. – 322 с.
2. Жанпейісов Е. Төрт түлік төңірегінде //ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы, 2005. – №3; ..Төрт түлік төңірегінде: жылқы (екінші мақала) //ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы, 2006. – №1. –24–32 бб; ...Төрт түлік төңірегінде: сиыр (үшінші мақала) //ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы, 2006. – №4. 18-24 бб.
3. Липец Р.С. Образы батыра и его коня в тюрко-монгольском эпосе. –М.: Наука, 1984. – 264 с.
4. Абақан Е.М. Тілдің мәдени философиясы. – Алматы: Айкос 2000. – 184 б.
5. Жақыпов Ә. Ойсылқара ма, Қаусылқазы ма? // Төрт түлік төресі кім? – Алматы: Ғылым, 1990. – 352 б.
6. Тілепін Б. Қой-ешкі атаулары мен тіркесімдерінің этнолингвистикалық сипаты: ф.ғ.к....дисс.: 10.02.02.– Алматы, 1997. – 138 бет.

#### Summary

*Etno cultural aspect of professional Lexic is observed in the article.*

## ОЙТАЛҚЫ ТҮРЛЕРІНІҢ ТІЛДІК ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ ТУРАЛЫ

### Жүрсиналина Г. Қ.

*Қазақстан, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті*

Біз А. Байтұрсыновтан бастау алған ғалымдарымыздың біраз зерттеулерін топтастыра келе ойталқыға сипат беретін болсақ: мысалы, Р.Сыздықова «күрделі синтаксистік тұтастық» – десе, С.Аманжолов «Сөйлемнен де күрделі ірі түзілістің бір түрі бар», Б. Шалабай: «Ойдағы сөзді сыртқа шығарудың яғни, жазба тілді ұтымды қолданудың жемісі» десе, Д. Әлкебаева: «Тіл – қару, ой – осы әрекеттің субстракты» деп беретін синтаксис – (тілдің синтаксистік құрылысы) ойлау жұмысын білдіру амалы, формасы деп таниды. Ал Р. Әмір: «Ойлау рухани ізденістің нәтижесі» деп есептейді. Айтылған тұжырымдардың бәрі де ойталқыға да таптырмас тірек сөздер деп ойлауға болады. Сондықтан да ойталқы дегеніміз:

–көркем шығармадағы мәтіннің ажырамас негізгі бөлшегі.

- композицияның ең сөйлеу формасының бір түрі
- әңгімелік форма.
- мәтінге қатысты оқиғаның (кеңістік пен уақытқа, адамзатқа қатысты ой тізбегінің) жалпы мәтін мазмұнына қатысты тірек сөйлемдер логикасын бойына жинаған.
- мәтінге арқау бола алатын
- өзіне тән информациялар сигналдары жиынтығынан тұрады.
- мәтін ішіндегі орны да әр түрлі.
- ол басқа да композициялық құрылымдармен, сөйлем формасымен араласа келеді, орын талғамайды.
- Ойталқы мәтініне тән белгілер:
- ол мәтін түрінде бір сөзбен немесе бірнеше сөйлемдерден тұрады.
- ойталқы мәтіні бір тақырыптағы логикалық ой дамуын құрайды.
- ол тұтас шығарманың келбетін айқындамайды, эпизодтық сипатта болады (оқиғаны өрбітіп, дамытып отырады).
- онда мезгілдік план болмайды, сөйлемдер іліктесіп құрылады, себеп-салдар
- ойталқы мәтін арасында орны үнемі өзгеріп отырады (алғы шепте, орта, соңғы шепте).
- тезис + аргумент + қорытынды үлгісінде болып келеді (негізгі) мысалы:

<u>Өзін таныстырушы топ</u> (ақпарат береді) тезис	<u>Аргументтік тип</u> (түсіндіреді, ширатады, өрбітеді). Аргумент	<u>Активтендірілген тип</u> істің ниетін жүзеге асырады (қорытындыдан тұрады)
--	--	---

Тәжіірбелік мәтіндерге жүргізілген өзіндік зерттеу бойынша, жүргізілген статистикалық мәліметке арқа тұтып жүгінсек (бұл мәліметтер белгілі бір үзінділермен жұмыс нәтижесінде ғана алынды) ең негізгі көбіне, жиі қолданыстағы ойталқылар түрлері мынадай:

- есім негізді, есім түріндегі ойталқылар,
- тұрақтылық күй мағанасындағы ойталқылар,
- нақты немесе жорамал іс әрекетті негіздеу мағанасындағы ойталқылар,
- кейбір іс әрекеттің қажеттігін, мүмкіндігін білдіретін немесе қалау не тілеу мағанасындағы ойталқылар,
- алдын-ала келісілген іс-әрекет мағанасындағы ойталқылар,
- келісімді түрдегі терістеу не тұжырымдау мағанасындағы ойталқылар.

Бұған қоса мынадай функционалды-мағыналық түрлері ажыратылады: хабарлау мәнді, сұрақ мәнді, әсер ету (лепті, көңіл күй, мағыналы), ниет, ойды білдіру, пікір тудыру, аралас мәнді, күмән мәнді, деп топтауға болатындығын, мәніне қарай тағы да негіздеулер (бұл шартты түрде) деп айтуға болады [6, 7 б.].

Коммуникативтік тәсілдердің тілдік маркерлері бір фрагмент құрылымында шоғырлануға бейім екендігі де байқалады: Мысалы:

*Қиылып шыққан ай азарып толады. Қызарып шыққан күн жарқырап жанады. Ай жеміріліп тозады, күн шеңбері бітіп батады. Тағы да ай туады, тағы да күн шығады. Сол ай ма, сол күн бе? Қалың елге бәрібір. Жас — өседі, кәрі өледі, адам орнын адам, ұрпақ орнын ұрпақ басады. Жұрт жаңаланады, ел өзгереді. Сол орта ма, сол халық па? Қара жерге бәрібір. Жан иесі жағаласып күн кешеді. Бұғыны бөрі жейді. Бөріні аю жалмайды. Аюды айдаһар жұтады. Адам ұлы тайталаспен қан кешеді. Тайпа мен тайпа шабысады. Жұрт пен жұрт алысады. Ақыры, әлдісі алып жейді. Ошағына от жағып, отауына түтін түтетеді. Барын иеленіп, барақатқа жетеді. Бірақ ақыр соңы ол емес — оған да құрылған тез бар. Кесімді күні кезеулі оққа жолығады. Бір адамның тағдыры — бар ғаламның тағдыры. Хақ тағалаға бәрібір... (М.М.449 б)*

Шылаулар қыстырма, одағай, қаратпа, сөздер экспрессивті - эмоционалды мақсаттар үшін лайықты қолданыла алған (сол деген сілтеу есімдігінің бірнеше құбылып логикалық мән беруге қатысқанын байқауға болады).

Авторлық және кейіпкерлік микроойталқылар жетекші қызмет атқаратын, әр түрлі адресанттық тәуелділіктегі микроойталқыларды талдау, олардың синтаксистік ұйымдастырылуының он типін анықтауға мүмкіндік береді:

1. салалас, сабақтас немесе жалғаулықсыз құрмалас сөйлемнің бөлігі: *..Енді Ақбілек табылып, үйіне келген соң, оның сорлы болған түрін көрген соң, оның масқаралығын ойлаған соң, ақсақалдың намысы қайта қозғалды...*(Ж.А.). Мұнда ол толық емес құрылымды болуы мүмкін... *. Бәрі де: «Мамырбайдың орыс бүлдірген қызын қара!» деп ақсақалды көзге шұқыған тәрізденеді.*

2. мына типтегі жай сөйлем: *«Пәленшенің қызы сондай болыпты...» деген атақ мәңгі жойылар ма? Әкесін бүйтіп қор қып кеткенше, алланың ақ өлімінен кетсе не арманы бар еді?...*(Ж.А.).

3. 3.толымсыз бағыныңқылы сөйлем: (жалған бағыныңқылы деуге болады) *«...Жыламайтын теңі зой» деп бәйбіше ұнатқан соң, Ақбілегін Бекболатқа тәуелді қылып еді?...*(Ж.А.).

4. бір мүшелі лепті сөйлем: *...Ойбай-ай! Енді қайтейін!... О не дегенің, Қалқам?.. Үлкен кісілердің не ойлайтынын кім біледі?... Саған айта алмай жүрген бір сөзім бар екені шын, оны жасаймаймын. Қалқам, ия-ау!?!...* (Ж.А.).

5. Диалог түріндегі лепті және сұраулы сөйлемдер: *«-Жалғызым! Сенен басқа сүйінерім бар ма?! -Неге кешіктің? Мені неге қинадың?...»* (М.Ә.).

6. мынадай типтегі идиомалық модельдер: *...Е-е, бір-екі рет еңбегін еш қылса, «итше жер тырмалап, жаман ырым бастама» десе өзі де көшеді, – деп Әзімбай атынан түсіп, жайланып бел шешіп жатыр. Өзгелері де осының ісін істей бастады. Аттарын тізгіннен ақтарып қойып, шылбырларын жастанып, тегіс жата бастады* (М.Ә.).

7. сентенциялар мен жалпылаулар: *...Үнемі кірген, шыққан кісі күңгірлеген біркелкі «құлқуалла», «күледіқұлла», «оллау ядзу...» жаттап алған «шұбар», «тұмар», «есіктің алды» дауыс қылған сайын Ұмсынайдың қашанғы өлген Әбділдасын жоқтауы, өзі кім болса соған көріскені, қатындардың айырғаны бәрі де жапырақтың сыбдыры, судың ағыны, түйенің боздағаны сияқты Ақбілекті тербетіп, әлдилеп, қалғытып, перде үстіне жатқандай, қайғысын бүркей берді ...* (Ж.А.).

8. себеп-салдар, шартты, салыстырмалы, бағыныңқы құрмалас сабақтас сөйлемдер: *...Бірақ Раушан барамын деп кесіп айтқан соң, Бәкен сөзсіз көнді* (Б.М.). *...Бұлар зораймайынша, зылым да зораймайды* (Абай). Түсіндірмелі салалас сөйлем: *...Енді Ақбілекке шешенің өлімінен де мынау жаман батты: «Жан дегенде жалғыз әкем мені жек көрсе, енді мен қайда, кімге сыямын?» деп қайғырды...* (Ж.А.).

9. кішірейтілген типтегі логикалық құрылымға сәйкес салалас немесе сабақтас, жалғаулықты және жалғаулықсыз көпсатылы құрмалас сөйлем: *«...Сөйлесуім, сыр алысуым аз, айткенмен оның жүрегін мен сезем: ол – адалдықты сүйетін жігіт»* (Б.М.). *«...Көңілі жадырағандай болған Наталя қалғиын деп еді, – қалғи алмады: оның көз алдына өз өмірінде көргендерінің бәрі елестей қалды»* (С.М.).

10. екіншісі біріншісінің ерекшеленген бөлшегі болып немесе онымен себеп-салдарлық имплицитті байланысқан, немесе бірінші сөйлемді нақтылайтын екі жай немесе құрмалас сөйлем: *... «Мені екі баламнан, малымнан, неше жылдай үйренген, бауыр басқан жерімнен айырып неге сатып алдың? Сондағы түрің мына буырыл сақалың ба?» дегендей, Өрік оқты көзімен ақсақалға бір-екі қарап қойды...* (Ж.А.). *...«Үшқоңырдың жайлауында өсетін гүлдер, барқыт гүл зой мынау, осының бәрін, шамасы тұқымын сол жақтан әкелген-ау. Көп бояулы шұғынық мына райхан гүлі. Жасыл көлдің жағасында өседі. Ол таңдана қалды...»* (Л.Қ.). Сөз қайталау тәсілі де, сөйлем мүшелері орын ауыстырып қолданылуы да кездеседі: Мысалы: *«...Көрдің бе? Көрдің. Алдың ба? Алдың. Айтқаным-айтқан, дегенім-деген. Сұрағаным- сұраған...*(Л.Қ.). *«...Отыр орныңа!...»* (орныға отыр). Микроойталқыларды талдау нәтижесінде олардың логикалық құрылымының сызықтық ұзындығымен және синтаксистік ұйымдастырылуымен өзара тығыз байланыста екені анықталды: әдетте микроойталқылар сы-

зықтық ұзындығы сөйлем бөлшегінен екі сөйлемге дейін қамтитын, күрделі емес синтаксистік құрылым болып табылады.

#### Әдебиеттер:

1. Шалабай Б. Қазақ көркем прозасының тілін зерттеудің ғылыми – теориялық негіздері. А., Ғылым, 1997.
2. Аймауытов.Ж. Шығармалары (Романдар, повесть, әңгімелер, пьесалар.) А., «Жазушы»1989.
3. Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. А, 1995.
4. Шалабаев Б. Көркем проза тілі. А, 1994.
5. Кәрімов Х. Көркем әдебиет тілін зерттеудің мәселелері. А., 1986.
6. Ахметова К. Мәтін лингвистикасы. Орал, 2008.

#### *Summari*

*The pragmatical function of an author`s reasoning in art prose is considered in this article.*

### **КӨП КОМПОНЕНТТІ ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ**

**Жұмашев М.Д.**

*Қазақстан, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты*

Тілдің жетілгендігін лексикалық қорынан, синтаксистік құрылымынан, стильдердің және емлесі ережелердің қалыптасуынан байқауға болады. Әр тілдің жетілуі, даму деңгейі оның синтаксистік құрылымына да баланысты. Қай тілде болмасын, құрмалас сөйлемнің құрылымы, жасалу жолдары күрделі болып келеді. Солардың ішінде көп компонентті құрмалас сөйлемдер де бар. Мұндай сөйлемдерді зерттеу тіліміздің синтаксистік құрылымының мүмкіндіктерін танып білуге алып келеді. Қазіргі қазақ тілінде көп компонентті құрмалас сөйлемдерді топтау өзекті мәселелердің бірі.

Қалыпты (екі бөлімді, екі компонентті) құрмалас сөйлемді бір немесе бірнеше компоненттермен (предикативтік бірліктермен) толықтырғанда және күрделендіргенде құрмалас сөйлемнің ерекше бір түрі жасаланылады. Дәстүрлі түрде олар құрмалас сөйлемнің күрделенген түрі немесе көп құрамды, көп компонентті құрмалас сөйлемдер деп аталынады. Көп компонентті құрмалас сөйлемдер қазақ әдеби тілінің стильдерінің көпшілігінде кеңінен қолданылады. Қалыпты құрмалас сөйлемдерден ерекшелендіретін өзіне тән құрылымға ие.

Бұндай сөйлемдерді граммтикалық талдау үшін көп компонентті құрмалас сөйлемдердің түрлерін ажырата білуіміз керек. Қазақ тілінде көп компонентті құрмалас сөйлемдер қазір әр түрлі аталып жүр. Олар құрмаласу жолдарына қарай түр-түрге бөлінеді. Дегенмен қазіргі дейін құрмаластың осы түрін бір жүйеде талдаудың үлгісі болмай келеді. Негізінен көп компонентті құрмаластар: көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер, көп басыңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер, көп сыңарлы салалас құрмалас сөйлемдер, аралас құрмалас сөйлемдер деп аталып жүр. Қазақ тілі білімінде бұндай сөйлемдер туралы алғашқы пікір айтқан А.Байтұрсынұлы болды. Ахаң бұндай құрылымдағы сөйлемдерді өрнекті сөйлемдер деп атап, оған мынадай анықтама береді. «Өрнекті сөйлем деп, құрмалас сөйлемдердің бастары қосылып, кестелі болып құрылуын айтамыз. Ондай сөйлемдер нақ текеметке, яки кілемге салынған түр сияқты болмағанымен, өрнек-өрнегімен айтылады. Өрнекті сөйлемді айтқанда дауыс көтеріліп, төмендеп әнші оралып, қайырылып отырады. Сондықтан өрнекті сөйлеу оралым деп аталады.» (1).

Көп компонентті құрмалас сөйлем компоненттерінің тіркесімі құрмалас сөйлемнің көлеміне байланысты зерттеледі, өйткені созылыңқылық пен тіркесімділік бір-біріне өте байланысты: созылыңқылық компоненттердің тіркесуі нәтижесінде қалыптасады, ал тіркесімділік өз кезегінде белгілі предикативтік бірліктердің санына байланысты болуы мүмкін.

Көп компонентті құрмалас сөйлемдер ауызекі сөйлеу тілінде сирек кездескенімен, әдеби тілімізде жиі кездеседі.